"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ
ДЕПАРТАМЕНТІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Түркістан қ.,Жаңа қала шағын ауданы, 32 көше 16-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Түркістан облысы бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Туркестан, микрорайон Жана Кала, улица 32, 16-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000
Департамент Казначейства по Туркестанской области БСН 000440001616

№ 03-18/3534 от 21.07.2021 г.

«СК-Максимум» ЖШС

ҚР ҚМ ІМАК Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментімен *(бұдан әрі - Департамент)* Сіздің 03.07.2021 жылғы №112791 өтінішіңіздің негізінде, «Ордабасы ауданы әкімдігінің «Мемлекеттік активтер және сатып алу бөлімі» ММ-сі өткізген № 5789237-2 «Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласын сумен жабдықтау жүйесін қайта құру» мемлекеттік сатып алу бойынша заңнама нормаларының сақталуына камералдық бақылау жүргізілді, оның қорытындысы бойынша келесіні хабарлайды.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V ҚРЗ Заңының (*бұдан әрі - Заң*) 9-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылады, оның ішінде:

4) құқық қабілеттілігінің (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке қабілеттілігінің (жеке тұлғалар үшін) болуы.

Онымен қоса, Заңның 9 бабы 5) тармақшасына сәйкес, айналысуы үшін рұқсат алу, хабарлама жіберу қажет болатын қызмет түрлерін жүзеге асыратын әлеуетті өнім берушінің құқық қабілеттілігі Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады.

Конкурстық құжаттаманы зерделей отырып, конкурстық құжаттамаға 1-2-қосымшада әлеуетті өнім берушілерге Қазақстан Республикасының Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңнамасына сәйкес құрылыс (құрылыс-монтаждау жұмыстары және жобалау жөніндегі жұмыстар) саласындағы жұмыстарды орындауға рұқсаттың (хабарламаның) болуы бөлігінде келесідей біліктілік талаптары қойылғаны анықталды:

- Құрылыс-монтаждау жұмыстары I санат;
- Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу;
- Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және Қызметтерді көрсетуге лицензия беру;
- Іздестіру қызметі:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (*бұдан әрі - Қағидалар*) 150-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші, егер ол және

(немесе) оның қосалқы мердігері не бірлесіп орындаушысы мынадай негіздер бойынша біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса, конкурсқа қатысуға жіберілмейді (конкурсқа қатысушы деп таныла алмайды) :

- мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар туралы мәліметтер расталатын рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) тиісті рұқсаттардың (хабарламалардың) нотариалдық куәландырылған көшірмесін ұсынады;

- әлеуетті өнім берушінің сатып алынатын тауарларды өндіруге, қайта өңдеуге, жеткізуге және сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтерді көрсетуге құқығын растайтын патенттердің, куәліктердің, сертификаттардың, басқа да құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсынбауы;

2) егер оның конкурсқа қатысуға өтінімі келесі негіздемелер бойынша конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмейді деп айқындалса:

- конкурста сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды, сондай-ақ конкурстық құжаттамаға 10-қосымшаға сәйкес әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) беретін жұмыстар мен қызметтердің түрлерін орындау жөніндегі қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезіндегі бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді бермеу (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда);

Пайдаланушылардың анықтамасына сәйкес https://wiki.goszakup.gov.kz.10-қосымшаға қосалқы мердігер қол қойған кезде жүйе пайдаланушының жеке кабинетінде хабарлама жарияланған күннен ерте емес алынған "Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шоттар" ақпараттық жүйесінен салық берешегінің және міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары және әлеуметтік аударымдар бойынша берешегінің бар-жоғы туралы сұратылған мәліметтердің бар-жоғын тексереді.

10-қосымшаға және қосалқы мердігер біліктілігі туралы мәліметтерге қол қойғаннан кейін негізгі өнім беруші өтінім бере алады.

Әлеуетті өнім берушінің "СК-Максимум" ЖШС конкурстық өтінімін зерделеумен осы әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамаға 10-қосымшаға сәйкес (әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерді (бірлесіп орындаушыларды) тартқан жағдайда, қосалқы мердігердің электрондық цифрлық қолтаңбасы арқылы веб-порталда куәландырылады) конкурста сатып алу мәні болып табылатын жұмыстарды орындау бойынша қосалқы мердігерлер (қызметтер көрсету кезінде бірлесіп орындаушылар) туралы мәліметтерді, сондай-ақ әлеуетті өнім беруші қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға)беретін жұмыстар мен, атап айтқанда, жобалау-сметалық құжаттамада көзделген лицензияланатын жұмыс түрлерінің көлемін ғана қосалқы мердігерлікке беру, яғни қосалқы мердігерлікке берілген жұмыс көлемі жобалау-сметалық құжаттамада көзделген қосалқы мердігерлікке берілетін жұмыс көлемдеріне сәйкес келмейді *(Иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеу, Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және Қызметтерді көрсетуге лицензия беру, Іздестіру қызметі)*.

Осылайша, әлеуетті өнім беруші өтінімі "СК-Максимум" ЖШС Қағидалардың 150-тармағына сәйкес конкурсқа қатысудан негізді түрде ауытқиды.

Камералдық бақылау – ҚР 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 47-бабының 5-тармағына сәйкес *(әрі қарай - Заң)* мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралғандығын мәлімдейміз.

Сонымен қатар, ҚР әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексінің 100 бабының 6 тармағына сәйкес, Сіз өтініш бойынша қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда шағымды қарайтын басқа органға немесе сотқа шағым жасауға құқылысыз.
Заңның 47-бабының 9-тармағына сәйкес дауларды сотқа дейін реттеу тәртібі міндетті болып табылады.

Департамент басшысының
орынбасары **Т.Тултебаев**

Орын:Адилханов А.
Тел: 8(7252) 35-00-35